

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ

Бекітемін
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға
арналған музыкалық мектеп-интернат»
Кешені» ММ-нің басшысы
С.Қ. Сыздықов

2018 ж. « 14 »

09



**«Музыка теориясы» білім беру
бағдарламасының сапасын
қамтамасыз ету
саясаты**

Павлодар 2018

«Музыка теориясы» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты
Кешен сапасын қамтамасыз ету саясатына сай және сапаны қамтамасыз ету қағидаларын енгізе отырып, білім беру мен оқыту қатынасында жалпы бағдар береді, білім беру саласында Кешеннің стратегиясына және сапа мен Кешеннің білім беру бағдарламасын әрі қарай қамтамасыз етуге бағытталған күштерге сәйкес келеді.

Сапаны қамтамасыз ету саясаты
Кешеннің Бағдарына, Стратегиялық мақсаттары мен
Миссияларына сәйкес келеді

«Музыка теориясы» білім беру бағдарламасының бағдары

Қазақстанның Музыкалық-теориялық білім беру саласында инновациялық-коммуникативтік технологияларды белсенді пайдалана отырып, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту, музыкалық-теориялық білім беру орталығы болу.

«Музыка теориясы» білім беру бағдарламасының стратегиялық мақсаты

Білім беру қызметтерін сапалы көрсету, кәсіби музыкалық-теориялық білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, ұлттық, жалпы мәдени құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктерінің негізінде жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру, дамыту және кәсіби қалыптастыру мақсатында музыкалық мәдениет пен өнер саласында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

«Музыка теориясы» білім беру бағдарламасының миссиясы

Музыкалық-теориялық білім беру саласында базалық және кәсіби құзыреттілікке ие жоғары білікті мамандарды оқыту, мәдениет және өнер саласында болашақ оқытушы және лекторлық кадрларды даярлау.

Құндылықтар

Білім	Патриотизм
Руханият	Академиялық адалдық
Кәсіпқойлық	Инновациялылық
Бәсекеге қабілеттілік	Креативтілік

Сапаны қамтамасыз ету қағидалары

1. Сапаны қамтамасыз ету және оның құжаттау үшін жалпы жауапкершілік білім беру бағдарлама басшысына жүктеледі және оқытушылар, әкімшілік-техникалық жұмысшылар мен студенттермен ынтымақтастықта орындалады.

2. Білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз ету дамытуда кәсібилікке, диалогқа және біліммен алмасуға негізделеді, білім берудің барлық саласын шеңберінде жүйелі және тұрақты дамуды қолдайды, сонымен қатар құжаттама қатынасында заңнамалық талаптарға сәйкес келеді.

3. Сапаны табысты қамтамасыз ету үшін нақты міндеттерді айқын міндеттерді бөлу негізінде енгізу.

4. Сапа жүйесі білім беру бағдарламасының барлық қызмет бағыттарын: оқу, әдістемелік, тәжірибелік, концерттік-ұйымдастырушылық, дәрістік, ғылыми-зерттеушілікті қамтиды. Сапа жүйесі мобильді, оқытушылар, студенттер, ата-аналар үшін ашық.

5. Саясатты жүзеге асыру ресурстары болып білім беру мамандары, оқу-материалдық база, оқу-әдістемелік тәжірибе, тәрбие жұмысының дәстүрлері табылады.

«Музыка теориясы» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары

1. Өз қызметін ұйымдастыру, кәсіби міндеттерді орындау әдістері мен тәсілдерін анықтау арқылы, олардың тиімділігі мен сапасын бағалай отырып, музыкант мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінуді қалыптастыра отырып, оған тұрақты қызығушылық таныта отырып, білім беру бағдарламасының және оның қатысушыларының жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

2. Сабақтастық қағидаттарында құрылған (музыкалық мектеп - интернат – музыкалық колледж), әрбір блок кәсіби-базалық және басқа блокқа қатыстылығы бойынша практикалық болып табылатын үздіксіз кәсіби музыкалық білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін білім беру қызметтерін қамтамасыз ету.

3. Кәсіптік қызметте технологиялардың жиі ауысуы жағдайында бағдарланатын, оқытудың жаңартылған және жаңа түрлерін пайдаланатын, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес білім алушылардың сапалы білім алуына және кәсіптік музыкалық дайындығына кепілдік беретін инновациялық білім беру бағдарламасы болу.

4. Кәсіби қызметінің саласын кеңейте отырып, музыкатанушы мамандығын танымал ету мақсатында білім беру бағдарламасының кәсіби-бағдарлы - білім беру ұйымдарындағы музыкалық педагогика, ұйымдастырушылық, музыкалық-ағартушылық, репетициялық-концерттік, лекторлық, ағартушылық музыкалық мәдениет саласында тілші қызметін дамыту.

5. Әр түрлі кәсіби қызмет бағыттарында білім беру бағдарламасының білім алушының жеке әлеуетін барынша толық ашуға, оның өзін-өзі анықтауына және өзін-өзі тануға; оқытудың әр кезеңінде студенттердің бейімделуі кезеңінде психологиялық-педагогикалық көмекті жүзеге асыруға ықпал ететін мәдени-шығармашылық тәрбие ортасын құру.

6. Мүдделі тараптарды орта буын мамандарына қатарына жататын, мамандық аясында базалық және кәсіби құзыреттілікке және оның еңбек нарығындағы әлеуметтік ұтқырлығы мен тұрақтылығына ықпал ететін жеке қасиеттерге ие музыкалық-теориялық білім беру саласындағы жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

7. Әр түрлі үлгідегі және деңгейдегі білім беру мекемелерімен өзара тиімді қарым-қатынас орнату, жедел ақпарат алмасу, заманауи кәсіби деректер базалары мен ақпараттық ресурстарға қол жеткізу арқылы білім беру бағдарламасының имиджін нығайту.

8. Педагогтардың өнімді, білім беру және ақпараттық технологияларды меңгерудегі кәсіби-тұлғалық өздігінен білім алу жүйесін құруға, танымдық ортаның жоғары деңгейін құру, әрбір педагогтың кәсіби мәртебесін арттыруға бағытталған білім беру бағдарламасының ғылыми – зерттеу қызметін дамыту.

9. Кәсіби оқытуды жүзеге асыру, әдістемелік қамтамасыз ету, облыста және одан тыс жерлерде музыкалық-теориялық білім беру саласында тәжірибені жинақтау және тарату, заманауи педагогикалық технологияларды, инновацияларды меңгерумен байланысты педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында музыкалық-теориялық пәндер оқытушыларын біріктіретін оқу-әдістемелік орталық мәртебесін бекіту.

10. Білім беру бағдарламасының ақпараттандыру, цифрлеу негізгі қызмет бағыттары.

11. Орындаушылық шеберлік деңгейін арттыруға, әртүрлі бағыттағы және жанрлардағы музыканы танымал етуге, педагогикалық шеберлікті арттыруға бағытталған білім беру бағдарламасы қатысушыларының белсенді концерттік – ағартушылық, лекторлық, конкурстық қызметі.

12. Республикалық және халықаралық деңгейге шығуға мүмкіндік беретін инновациялық жобаларға қатысу.

«Музыка теориясы» білім беру бағдарламасының басшысы келесі міндеттемелерді орындауды мойнына алады:

- осы саясатты білім беру бағдарламасының барлық оқытушылары мен студенттері назарына жеткізу және оны білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының түсінуін қамтамасыз ету;

- білім беру үрдісіне қатысушылардың осы Саясатты және оның негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;

- саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;

- оқытушыларды құзыреттілігін үздіксіз арттыру, мотивация, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке тартуды қамтамасыз ету;

- білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

«Музыка теориясы» бөлімінің отырысында қаралды

2018 ж. 14.09. № 2 Хаттама